

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АВИАЦИЯ ТЕХНИКАСЫН,
АГРЕГАТТАРЫН, ҚАРУ-ЖАРАҚ ЖҮЙЕСІ МЕН АВИАЦИЯ
РАДИОЭЛЕКТРОНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАРЫНЫҢ БҰЙЫМДАРЫН ЖӨНДЕУ
ӨНДІРІСІН ДАМУЫТУ ТУРАЛЫ**

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 8 сәуір 1994 ж. N 353. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.09.21. N 1358 қаулысымен. ~P971358

Қазақстан Республикасында әуе кемелерін, олардың агрегаттарын, жабдықтарын жөндеуді қамтамасыз ету жөніндегі өзіндік базасын дамыту, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі пайдаланып жүрген авиация қару-жарақ жүйелерінің, сондай-ақ азаматтық әуе кемелерінің техникалық түзіктігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі және Көлік министрлігімен бірлесе отырып әзірлеген Қазақстан Республикасында авиация техникасын, агрегаттарын, қару-жарақ жүйелері мен авиация радиоэлектроникалық бұйымдарын жөндеу өндірісін дамытудың бағдарламасы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі мен Көлік министрлігі 1994 жылғы 1 шілдеге дейін Қазақстан Республикасына Ресей Федерациясының, Украинаның және басқа да ТМД елдерінің кәсіпорындары мен ұйымдарының авиация техникасы мен оның арнаулы жүйелерін жөндеуге қажетті нормативтік-технологиялық, стенділік (сынақ жүргізетін) жарақтар мен мамандырылған құрал-аспаптарды N 405 (Алматы қаласы) және N 406 (Ақтөбе қаласы) азаматтық авиация зауыттары өнім беріп тұрушы кәсіпорындар мен ұйымдардың ұсыныстарын ескере отырып

ұсынған тізбелерге сәйкес беруі туралы мемлекетаралық келісімдердің жобаларын даярлайтын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігіне аталған бағдарламаны жүзеге асыруды қамтамасыз етуге және N 405 және

406 азаматтық авиация зауыттарының өз өндірістік қуаттарын қайта жарақтандыру жөніндегі жұмыстарды атқаруына бақылау жасау жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 8 сәуірдегі

N 353 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасында авиация техникасын,
агрегаттарын, қару-жарақ жүйелерін және авиация
радиоэлектроникалық жабдықтары бұйымдарын жөндеу
өндірісін дамыту

Б А Ғ Д А Р Л А М А С Ы

Мақсаты:

әскери және азаматтық мақсатқа арналған ұшу аппараттарының
бірнеше типтерін, авиақозғалтқыштар мен олардың агрегаттарын
жөндеу үшін өндірістік база жасау;
Қазақстан Республикасының ТМД елдерінің жөндеу кәсіпорындарынан
дербестікке қол жеткізуі;
авиация техникасының жаңа типтерін жөндеу технологиясын
меңгеру;
авиация техникасын жөндеуге жұмсалатын валюта шығынын қысқарту;
Қазақстан Республикасының жұмыс істеп тұрған авиажөндеу
кәсіпорындарын жұмыспен қамтамасыз ету және дамыту;
жұмыс істеп тұрған авиажөндеу кәсіпорындарын сериялылықтан ұшу
аппараттары мен авиақозғалтқыштардың шығарылатын типтерінің
номенклатурасы кең шағын сериялы етіп қайыра бағдарлау.

Бағдарламаны жүзеге асырудың міндетті шарттары

1. Жұмыс істеп тұрған 405 АА, 406 АА зауыттарының негізінде, әрі қарай мүдделі министрліктер мен ведомстволар арқылы (ҚМ, ҰҚК, ПМ және КМ) бюджет тарапынан қаржыландыра отырып Қазақстан Республикасында авиажөндеу өндірісін дамыту жөніндегі үкімет

бағдарламасын қабылдау.

2. Ресей Федерациясымен және Украина Республикасымен Қазақстан Республикасы авиажөндеу кәсіпорындарының авиация техникасын жөндеуді игерудегі ынтымақтастығы туралы үкіметаралық келісімдерді әзірлеу және жасау:

- 406 АА зауыты - ТВ2-117, ТВ3-117, АИ-9 авиақозғалтқыштары, ВР-8, ВР-14 редукторы;
- 405 АА зауыты - Ми-8Т, Ми-8ТВ, Ми-8МТ, Ми-8МТВ тікұшақтары;
- 405 АА, 406 АА зауыттары - авиациялық техника агрегаттары, АжРЭЖ бұйымдары.

Жауапты орындаушылар:

Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі, Көлік министрлігі, Сыртқы экономикалық байланыстыр министрлігі.

3. Бағдарламаны қаржыландыруға қаражат бөлу N 1 қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Авиация техникаларын жыл сайын жөндеуге жоспарлы жіберу N 2 қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

(Кесте)

Бағдарламаға

N 1 қосымша

Бағдарламаны зауыттар және жылдар бойынша қаржыландырудың

Жиынтық кестесі

(Кесте)

Бағдарламаға

N 2 қосымша

МИ-8 тікұшақтарын жылдар бойынша жөндеуге жіберу кестесі

(Кесте)

